

Бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 1409 қаулысы
«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы
24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 61-бабының 4-тармағына сәйкес
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыға қосымшаға сәйкес Маңғыстау облысында орналасқан Өлі Қолтық учаскесінде көмірсутек шикізатын бірлесіп барлау мен өндіруге арналған келісімшарт жасасын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2014 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 1409 қаулысына

ҚОСЫМША

Жер қойнауы учаскесінің атауы	Орналасқан жері
1	2
Өлі Қолтық	Каспий теңізі 45 ⁰ 20' с.е. 53 ⁰ 20' ш.б., Шығыс Қаратұрын кен орнын қоспағанда